



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

университет секілді т.б. оқу орындарынан алады.

Жастардың бұл көзқарасы ХХІ ғасырда еркін өмір сүруімізге және жаңа мыңжылдықта біздің қоғамымыздың нық қадам басуына мүмкіндік береді. Бүгінгі жастар соғыстан алыстап барады десек те қателеспейміз. Себебі, өкінішке орай, соғысқа қатысқан көзі тірі ардагерлеріміз өмірден өтіп, саны азайып барады. Біздің зерттеулеріміз қазақстандық заманауи жастарға «әлеуметтік және тарихи ессіздік(ұмытшақтық)» тән емес екенін көрсетті.

УДК316.7

ОРАЛМАН СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-БЕЙІМДЕЛУІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Сағын Ғалия Сәкенқызы

93erke93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің, әлеуметтану
мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Байғабылов Н.О

Бүгінгі таңда шетелдерде тұрып жатқан қандастарымыздың тарихи Отаны – Қазақстанға оралу мәселесі мемлекеттік деңгейде қаралып, заңды негіздер жасалынуда. Елге шақыру, орналастыру, оралмандардың ел ортасына сіңісуі мемлекеттің миграциялық саясатының басты бағыты. «Ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны атажұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа» - деп айтқан еді [1] Елбасы Н.Назарбаев. Атажұртқа оралып жатқан қандастардың арасында жастардың, оның ішінде студент оралман жастардың әлеуметтік бейімделу мәселесі Қазақстан қоғамы үшін өзекті мәселенің бірі.

Оралман студенттердің мінездік қалыптасуы болашақ қоғамымыздың толыққанды құрылымдық сатысын құрайды. Сондықтан оралман студенттің әлеуметтік-психологиялық бейімделу ерекшелігінің қоғамда болып жатқан құбылыстарға сай қалыптасуы өте маңызды.

Жоғарғы оқу орнына келіп түскеннен бастап бірінші курстардың оқу орнына бейімделу үрдісіне орай жүргізілген көптеген зерттеулер келесідей негізгі қиындықтарға жіктеледі екен: кешегі мектептің ұжымындағы оқушылардың оның өзара көмегі мен моральдік қалауының кетуімен байланысты жағымсыз күйзелістер; кәсіпті таңдаудағы мотивацияның белгісіздігі, оған жеткіліксіз психологиялық даярлық, мінез-құлық пен іс-әрекетті психологиялық өзіндік реттей алмаушылық, оның күнделікті бақылауға ашылуын педагогтардың талап етуі, жаңа жағдайда еңбек пен демалыстың опти-малды тәртібін қарастырып іздеу жұмыс пен өзіндік қызметті реттеу, әсіресе үй жағдайынан жатақханаға ауысу кезінде, соңғысы өзіндік жұмысқа дағдының болмауы, конспекті жасай алмау, алғашқы дерек көздерімен, сөздіктермен, анықтама сілтемелермен жұмыс жасай алмаушылық.

Барлық осы қиыншылықтар өзінің шығуына байланысты әр түрлі. Оның кейбіреулері объективті құрыла алмайтын, енді біреулері субъективті сипатта және де әлсіз даярлықпен, мектеп және жанұя тәрбиесіндегі ақаулармен байланысты [2].

Студенттердің жоғарғы оқу орнына бейімделуі Стокаренко бойынша келесідей жіктеледі:

а) кәсіби бейімделу, оқу үрдісінің мазмұны, сипаты, жағдайлары мен ұымдастырылуына икемделу, оқыту және ғылыми өзбеттілік дағдыларының жасалуы;

б) әлеуметтік – психологиялық бейімделу – индивидтің топқа, онымен өзара қарым-қатынасқа икемделуі, өзіне тән мінез-құлық стилінің анықталуы.

Басқаша айтсақ, «бейімделу қабілет – ешқандай ішкі дискомфортты сезінбей және қоршаған орта мен қарама-қайшылықсыз адамның қоршаған ортаның әлеуметтік, физикалық, әр түрлі талап-тарына бейімделе алу қабілеті». Бейімделу – бұл белсенді іс-

әрекеттің алғы шарты және оның тиімділігінің қажетті шарты. Бұдан индивидтің қандай да бір әлеуметтік рөлінің жақсы қызмет етуі үшін бейімделудің жағымды маңызы көрінеді [3].

Негізінде көптеген адамдар басқа елден білім алуға, жұмыс істеуге талпынады, осыған байланысты Г. Триандис (1994) бейімделу процесінің бес кезеңін бөліп көрсетеді.

Бірінші кезең, «бал айы» деп аталады, ол көтеріңкі көңіл күй, үлкен үміттің көрінуі мен сипатталады. Бірақ бұл кезең жылдам екінші кезеңге өтеді.

Екінші кезең, жаңа ортаға енуде ортаның теріс әсерлерінің әсер ете бастауы. Көптеген жағдайда көңілдері толмай, барлық нәрседен көңілдері қалып, тіпті бұл жағдай кейбір кездерде фрустрация мен депрессияға өтіп кетуі мүмкін. Бұл жағдайда көбі нақтылықтан қашуға тырысады.

Үшінші кезең - қиын қыстау кезігіне жетуі мүмкін, ауыруларды және толық әлсіздікті сезінеді. Жаңа ортаға сәтті бейімделе алмаған адамдардың көбі келген жеріне қайта оралады.

Төртінші кезең - депрессия – оптимизацияға ауыса бастайды да өзіне деген сенімділік және қанағаттану сезімін сезіне бастайды. Адам өзінің икемделе бастағанын сезіне бастайды. Берри терминалогиясы бойынша – бұл кезең толық немесе ұзақ кезең деп аталады. Ортаның талабына индивидтің тұрақты өзгеруі. Бейімделу процесіне орта мен индивид өзара сәйкестікке келеді. Осы кезеңді бейімделу процесінің аяқталуы деп те айтуға болады [4].

Жалпы бейімделу мәселесін: В.И. Курбатова, А.Т. Маклаков, В.Н. Дружинин, Е.А. Ямбург, Н.А. Агаджанян, А.А. Реан, Х. Хартманн және т.б. ғалымдар тарапынан қарастырылып, зерттелген.

Біздің тарапымыздан студент оралмандарға қатысты тікелей жүргізілген социологиялық зерттеулердің нәтижелеріне тоқталып өтелік. «Оралман студент жастардың әлеуметтік-бейімделуіндегі мәселелер» зерттеудің 2015 жылдың 10.02.-15.03. аралығында социологиялық сұрау жүргізілді. Сұрауға жасы 17-ден асқан Еуразия Ұлттық Университетінің оралман студенттері, 50 респондент қатысты.

Тіл қарым қатынастың негізі болып табылады, сондықтан да тіл интеграциясына айрықша көңіл бөлінеді. Білім жүйесіне қатысты оралмандарға келтірілген деректерде мемлекеттік бағдарламалар негізінде: «Олардың біліктілігін көтеру курстары ұйымдастырылған. Республиканың орта жалпы білім беру ұйымдарында жақын және алыс шетелдерден келген оралман студенттер үшін олардың біліміндегі ақтаңдақтарды жою және білім беру бағдарламасына бейімделуі мақсатында қосымша сабақтар, консультациялар өткізіледі, арнайы өтпелі бағдарламалар көзделген.

Мигранттарды қабылдайтын барлық елдер интеграция бағдарламаларында тіл жағынан бейімделуіне аса көңіл бөледі, бірақ әр ел тілді игеруге берілетін көмектің көлемін өздерінше анықтайды. Қазақ ұлты Қазақстанға көшіп келуінің бірінші себебі қазақ тілін, мәдениетін, тарихи отанының әдет-ғұрпын сақтап қалу, балаларының келешегін қамтамасыз ету. Көшіп келген соң оралмандар орыс тілінің күнделікті қолдану қиыншылықтарымен кездеседі. Орыс тілі қарым - қатынаста негізгі тіл болғандықтан, оралмандардың еңбек нарығында интеграциялануы, орыс тілін білмеу салдарынан көптеген қиындақтарға тап болуда. Мәселен Қытайда тұратын ханзу ұлты гегеографиялық аймақтарына байланысты тіл ерекшеліктері бар, тіпті Батысы мен Шығысында тұратын ханзулар өзара тілдік қарым-қатынасқа түсе алмайды. Себебі түсенбейді. Монғолдар арасында тілдік диалектінің көптігінен өзара тілдік қарым – қатынаста бару өте қиын. Бұндай факторлар әлемде көп кездеседі. Қазақтар арасында диалектілер болғанмен ханзу ұлтындай тілмашсыз тілдік қатынасқа түсе алды. Тек оралмандар өзі тұрған жерінен алып келген, өзге ұлттардың тілі тілдік қатынаста кейбір жағдайда кедергілер жасауда. Негізгі себептер қазақ тіліндегі терминдердің ертеректе жасалмауына туындап отыр. Көбінесе техникалық атауларды өзге тілде ату қатынасы бар. Жергілікті қазақтар мен оралмандар арасында кей жағдайда тілдік түсінбеушіліктер болып тұрады. Жергілікті қазақтар орыс тілінің қорын қосып сөйлеуіде тілдік қатынасқа әсер етпей қоймайды. Жалпы қазақ даласындағы тілдік ерекшеліктер бар.

1 диаграмма. Оқу барысында қандай қиындықтар болды?(Л.Н.Гумилем ат. ЕҰУ

мысалында)




Бұл жерде айта кететін жайт, қазір әлемде үш қазақ алфавиті қолданылады; Қазақстанда, Монғолияда, Ресей мен басқа ТМД елдерінде кириллица, Түкия мен Батыс Еуропада латиница, Қытайда, Иран мен Пәкістанда ескі қазақ алфавиті (төтеше жазу). Осының нәтижесінде Қытайдан, Ираннан, Пәкістаннан, Ауғанстан мен Түкиядан келген оралмандар толық кириллица жазуындағы қазақ тілін оқи алмайды, сондықтан да келе салысымен орыс тілін білмеушілікке байланысты қиыншылықтарға кездеседі. Кейде ең қажетті істерді, мысалы, оралман статусын алуға құжаттарын толтыра алмайды. Осы қиыншылықтарға байланысты оралмандарға тілді меңгеру курстары ұйымдастырылмайды. Мемлекеттік бағдарламалар жоқ болғанымен, кейбір мектептер мен ЖОО өздері орыс тілі мен қазақ тілі курстарын ұйымдастырады. Елімізде орыс империалистік ықпалы үстем болып тұрғанда. Қазақстанда орыс тілінің қолдануы кең мемлекеттік статусы бар. Қазақ Елінде қазақ тілінің төмен мәртебесі тарихи отандарына оралған қазақтарға айтарлықтай әсер етіп отыр. Қазақтар қазақ тілін білмей, бір-бірімен аудармашылар арқылы қатынысқа түсуі ұлттық мәселе екені анық.

Кейбір қоғамдық пікірлерге назар аударсақ, оралмандар орыс тілін білмейді сондықтан олар еліміздің дамуына кедергілер жасауда деген пікірлер кездесіп жатады. Бұдай пікірдің қайнар көзі,. «Біз қашан орыс тілін тез үйренсек соғырлым жылжам дамимыз» -деген 1952-1960 жылдар аралығында кеңес үкіметін басқарған Хрущевтың ұрандары еді. Хрущевтың жалған ұрандары қоғамдық психологияда сіңісті болып қалған. Өкінішке орай, одақ ыдырағынмен, кеңестік азаматтық сана бірқатар адамдардың жадында өшкен жоқ. Оны көтеген социологиялық зерттеулерде дәлелдеп отыр.

Ал тілсіз - ұлт, ұлтсыз - тіл болмайтыны белгілі. Орыс тілінде басымырақ сөйлейтін, орыстана бастаған қазақстандық қоғам орыс тіліндегі Қазақстан болуы дайын-ақ тұр [5]. Қазақ тілінің мәселесін шешу қазақ тілділірдің көптігімен анықталады. Олай болса нағыз ресурстар оралмандар болып табылады.

Мысалы, Оралмандарға қатысты көзқарасыңыз қандай? деген сұраққа респонденттердің көпшілігі жақсы ойда екенін білдірген 38% және 27% шыдамды көзқараста екенін айтқан. Сұралғандардың айтарлықтай бөлігі 18,9% оралман студенттермен қарым-қатынастың жоқ екендігін білдірген, тек респонденттердің оннан бір бөлігі ғана оларға жағымсыз көзқараста болған.

2 диаграмма. Сіздің оралмандарға деген қарым-қатынасыңыз (өзінің тарихи отанына оралған, этникалық қазақтарға)? Оқу барысында қандай қиындықтар болды?(Л.Н.Гумилем ат. ЕҰУ мысалында)



Халықтың ұлттық белгілері бойынша оралмандарға қатысты көзқарастарының көрсеткіштерін талдау айтарлықтай алшақтығын байқатты. Оралмандарға қатысты оң пікірді көбіне қазақтар және шағын ұлттар өкілдері білдірген. Сонымен қатар халықтың бірқатар бөлігінде оралмандарға деген жағымсыз ойлардың айтарлықтай потенциалы сезіледі.

Аталған зерттеуде біз бақылаудың қорытындысында байқалғандай, халықтың кейбір тобында оралмандарға деген кері көзқарас жақтырмаушылық пен қатар, оралмандардың келуімен жұмыс орындары үшін бәсекелес, тұрғын нарығындағы жағдайды одан да бетер күрделендіріп жібереді деген ойдан туындаған қорқынышпен де байланысты екен. Әлеуметтік-экономикалық саладағы мүдделер соқтығысуы проблемасын қазақстандықтардың әртүрлі жағдайдағы репатриантарға деген көзқарастарының көрсеткіштерінен көруге болады.

Этникалық қазақтардың тарихи отанына қайтару бағдарламасын жария ете отырып мемлекет бірқатар міндеттерді өз мойнына алды. Ол міндеттер оралмандарға тиісті құқықтық-азаматтық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларды жасауды білдіреді.

Мемлекеттің көші-қон саясатында айтылған механизмдер мен құралдарды репатриантарға қатысты тиімді пайдаланғанда, оралмандардың қазіргі уақытта кезіккен экономикалық және әлеуметтік-мәдени тұрғыда бейімделуі проблемалары мұндай масштабқа ие болмас па еді. Зерттеу нәтижесінде анықталғандай оралмандар Қазақстанға келгеннен кейін жиі кездесетін қоғамдық психология және шеттетушілікке тап болып жатыды. Оралмандардың осы проблемаларын төменгі кестеден көруге болады.

1 кесте. Қоныстану барысындағы кездескен қиындықтар (Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ мысалында)

Қиындықтар	%
Тіл немесе жазу мәселесі	18%
Қаржы мәселесі	8%
Жаңа ортаға бейімделе алмау	18%
Баспана мәселесі	6%
Азаматтық алу мәселесі	5,8%
Мемлекеттің беретін жеңілдіктеріне қол жеткізе алмау	15,0%
Квота бойынша келгендерге бір мезеттік және транспорттық жәрдемақылардың төленбеуі	8,8%
Жергілікті халық көзқарастарының әрқилы болуы	20%

Қорытындылап айтар болсақ, «Оралман студент жастардың әлеуметтік-бейімделуіндегі мәселелер» атты зерттеу жұмысының нәтижесі студенттердің басым бөлігі тарихи отанына оралған қандастарымызға оң қабақ танытатына көз жеткізуге болады. Сонымен қатар халықтың белгілі бір бөлігінің қоғамдық санасында оралмандарға деген жағымсыз ойлар басым болған. Мұндай ойлардың пайда болуы, көбінесе әлеуметтік-экономикалық саладағы мүдделердің соқтығысуынан орын алған деп айтсақ қателеспеген болар едік. Алынған нәтижелер көрсеткендей тұрғындар оралмандарға байланысты болған біршама мазасыздық таныта бастаған, оның себебі еңбек және тұрғын үй нарығындағы бәсекелестіктің күшейуіне. Қай елден келген оралман болмасын, олар осы уақытқа дейін туып-өскен жеріне, тіліне, салт - дәстүріне, халқына, климатына икемделіп, бейімделген халық. Қаншалықты өз елім, жерім деп келгені мен жаңа ортада көптеген қиыншылықтар кездеседі. Сол қиыншылықтардың бірі қаншалықты атамекенін аңсап келгені мен жаңа орта, қоғам, адамдар көзқарасы, өзге заңдылықтарға, яғни жаңа климаттық жағдайға, әлеуметтік ортаға икемделуіне, бейімделуіне әкеледі. Сондай - ақ кейбір қандастарымыздың қазақ грамматикасы мен орыс тілін білмеуі, сонымен байланысты олардың әлеуметтік бейімделу мен жергілікті халықтар интеграциясын қиындататын бірқатар мәселелер кездеседі.

Қазіргі кезде оралмандарды жергілікті жағдайға бейімдеу тұрғысындағы жұмыстар қажетті деңгейде атқарылмай отыр деп айтуға болады, оны сұралғандар да атап өткен, және респонденттер бұл саладағы үкіметтік іс-шаралар нормативті сипатқа ие, ал міндеттерді орындау формалды түрде жүргізіледі деген пікір білдірген. Оралман студент жастардың әлеуметтік бейімделу мәселелері қоғамның ертеңгі күніде мән беретін өзекті мәселесі қатарында.

Қолданылған әдебиет

1. Елбасы Н.Назарбаев Түркістанда 2002 жылғы 23 қарашада өткен Дүниежүзі қазақтарының II форумында сөйлеген сөзі. <http://qazaq-alemi.kz>
2. Яковленко Л.Н. Адаптация первокурсников // Аспирант и соискатель. – 2003. – С. 116-120
3. Яковленко Л.Н. Адаптация первокурсников // Аспирант и соискатель. – 2003. – С. 116-120
4. Касымов А.Д. Социальная интеграция репатриантов как философская проблема: автореферат канд. социол. наук. – Алматы: Институт философии и политологии Комитета МОН РК, 2009,
5. Оралманы – этнические казахи в поисках идентичности. Аспекты интеграции в современное казахстанское общество. Алматы / Тараз. – Алматы, 2009. – 53 с.
6. Меңдікұлова Г.М. Қазақстандағы оралмандардың бейімделуінің кейбір мәселелері // Отан тарихы. №, 2, 2004.

УДК 316.334.52.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тәрбет Азамат

Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Әлеуметтану» мамандығы 2 курс студент, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Смағамбет Б.Ж.

Қазіргі уақытта Орталық Азияда Қазақстан әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени жағынан озық мемлекет ретінде танылып отыр. Ұлттық өзіндік сананың қалыптасуы, Қазақстандағы мәдени және саяси идентификация әлемдік урбанизацияға белсенді әсер